

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдаланумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізумен және ( немесе) қызметтер көрсетумен байланысты жұмыстар жүргізуге рұқсат алу үшін ұйымдарға арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан өткізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 10 мамырдағы N 619 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 484 қбп Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 484қбп Қаулысымен.*

"Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдаланумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізумен және (немесе) қызметтер көрсетумен байланысты жұмыстар жүргізуге рұқсат алу үшін ұйымдарға арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан өткізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен (келісім бойынша) бірлесе отырып, мемлекеттік құпияларды қорғауға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларын аттестаттаудан өткізу жөнінде әдістемелік ұсынымдар мен тесттерді бір ай мерзімде әзірлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 10 мамырдағы

N 619 қаулысымен

BEKİTİLGEN

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдаланумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізумен және (немесе) қызметтер көрсетумен байланысты жұмыстар жүргізуге рұқсат алу үшін ұйымдарға арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан өткізуді**

## **ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді пайдаланумен, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасаумен, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізумен және (немесе) қызметтер көрсетумен байланысты жұмыстар (бұдан әрі - мемлекеттік құпияларды пайдалану жұмыстары) жүргізуге рұқсат алу үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (бұдан әрі - ұйымдар) арнайы сараптама жүргізу және олардың басшыларын аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру мен жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Арнайы сараптама жүргізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғауға арналған жағдайдың мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатымен жүзеге асырылады.

3. Ұйымдар басшыларын аттестаттау мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру үшін аттестатталушының қажетті білімін бағалау мақсатында өткізіледі.

4. Арнайы сараптамалар жүргізуді және ұйымдар басшыларын аттестаттауды мыналар жүзеге асырады:

мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - ұлттық қауіпсіздік органдары) - мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қатысты; <\*>

мемлекеттік құпияларды қорғау саласында ұйымдарға арнайы сараптамалар жүргізу және олардың басшыларын аттестаттау бөлігінде қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен рұқсат алған ұйымдар - Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын өзге ұйымдарға қатысты.

*Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 287 қаулысымен.*

### **2. Арнайы сараптаманы жүргізу тәртібі**

5. Ұйымдарға арнайы сараптамаларды сараптама комиссиялары жүзеге асырады.

Сараптама комиссияларын мемлекеттік құпияларды қорғаудың тиісті салаларында құзыретті және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге қажетті рұқсат нысаны бар мамандар арасынан осы Ереженің 4-тармағында белгіленген мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрады.

Сараптама комиссияларының құрамына уәкілетті органның, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдері кіруі мүмкін.

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 287 қаулысымен.*

6. Арнайы сараптама жүргізу үшін мүдделі ұйым арнайы сараптамалар жүргізуге рұқсаты бар ұйымға өтініш береді. Арнайы сараптама өтініш беруші ұйым мен арнайы сараптаманы жүзеге асырушы ұйым арасындағы шарт негізінде жүргізіледі.

Арнайы сараптама жүргізу жөніндегі шығыстар өтініш беруші ұйымның есебіне жатқызылады.

7. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін арнайы сараптамалар ақысыз жүзеге асырылады.

8. Ұйымдарға арнайы сараптамалар мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) құпиялылық режимін қамтамасыз ету;
- 2) құпия іс қағаздарын жүргізу;
- 3) мемлекеттік құпияларды техникалық қорғаудың жай-күйі;
- 4) шифрланған, құпияланған, кодталған байланыс.

Сараптама комиссиялары жұмысының басталу мерзімдері 5 күн бұрын ұйым басшылығына хабарланады.

9. Сараптама комиссиясы жұмысының нәтижелері төраға бекітетін кесіммен ресімделеді.

Арнайы сараптама кесімінде ұйымдардың мемлекеттік құпияларды пайдалана отырып жұмыстарды жүзеге асыруға дайындығы (дайын еместігі) туралы қорытынды беріледі.

Арнайы сараптама кесімі мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланумен байланысты жұмыс жүргізуге рұқсат алу үшін ұлттық қауіпсіздік органына өтініш жасаушы ұйымның өтінішін қарау материалдарына қоса тіркеледі.

10. Арнайы сараптамалар ұйымдардың мынадай шарттарды орындауға дайындығын бағалау жолымен жүргізіледі:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды орындау процесінде көрсетілген мәліметтерді

қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарын сақтау;

2) мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша арнайы дайындалған қызметкерлердің қажетті саны мен біліктілік деңгейі;

3) мемлекеттік құпияларды қорғаудың сертификатталған техникалық құралдарының бар болуы.

11. Ұйымдардың мемлекеттік құпияларды пайдаланумен байланысты жұмыстарды орындау процесінде мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарын орындауға дайындығын бағалау мыналарды көздейді:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің, сондай-ақ құпиялылық режимін ұйымдастыру құпия іс қағаздарын жүргізу, мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау мен шифрланған байланыс жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттардың бар болуы;

2) ұйым құрылымында мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшенің, осы жұмыс үшін арнайы дайындалған, біліктілік деңгейі мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкес келетін қызметкерлердің қажетті санының бар болуы немесе құпиялылық режимін қамтамасыз ету және құпия іс қағаздарын жүргізу жөніндегі міндеттерді арнайы тағайындалған қызметкерге жүктеу туралы бұйрықтың бар болуы; \* \*\*

3) аттестатталған техникалық құралдардың және режимді үй-жайлардың бар болуы.

12. Мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша арнайы дайындалған қызметкерлер саны мен біліктілік деңгейінің жеткіліктілігін бағалау олардың мынадай жұмыстар түрлерін орындауға дайындығын тексеруді көздейді:

1) күзетілетін мәліметтерді, ұйымның және оның өндірістік қызметінің жасырылуын ашатын белгілерді анықтау;

2) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді техникалық қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу;

3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің сыртқа шығу арналарын анықтау;

4) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөнінде іс-шаралар әзірлеу;

5) жұмыстардың барлық технологиялық циклы (өнімді әзірлеу, дайындау және сынау) бойынша жұмыс орындарын аттестаттау;

6) шифрларды пайдалану, шифрлаушы техникаларды, құпияландыратын аппараттарды және кодтау техникаларын пайдалану;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауда қолданылатын

шаралардың орындалуын бақылау.

13. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың сертификатталған техникалық құралдарының болуын бағалау құпия ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын сертификаттаудың белгіленген рәсімдерінің арнайы талаптарға сәйкес келуін тексеруден тұрады.

-----  
\* Техникалық құралдар - құпия ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын электронды-есептеу техникасы құралдары, байланыс, дыбыс жазу, дыбысты күшейту және дыбыс жаңғырту құралдары, теледидар және сөйлесу қондырғылары, құжаттарды дайындау мен көбейту құралдары, өрт және күзет дабылы құралдары, электрмен жабдықтау жүйелері және басқа да жүйелер мен құралдар.

\*\* Режимдік үй-жай деп құпия ақпаратты өңдеу мен берудің техникалық құралдары орнатылған үй-жайлар, құпия мәселелер жөнінде кеңестер мен келіссөздер жүргізуге, сондай-ақ құпия материалдарды сақтауға арналған үй-жайлар түсініледі.

### **3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауға жауапты ұйымдар басшыларын аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу**

14. Ұйым басшыларын аттестаттауды ұйымға арнайы сараптама жүргізу үшін құрылатын сараптама комиссиясы жүзеге асырады.

15. Аттестаттаудан мемлекеттік органдардың саяси мемлекеттік қызметші болып табылатын басшылары босатылады.

16. Аттестаттау тест әдісімен жүргізіледі.

17. Аттестатталушы мыналарды білуге тиіс:

1) құпиялылық режимін қамтамасыз ету, құпия іс қағаздарын жүргізу, мемлекеттік құпияларды техникалық қорғау мен шифрланған байланыс жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің негізгі талаптары;

2) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі.

18. Ұйым басшыларын тесттен өткізу нәтижелері өтініш жасаушы ұйымдардың өтініштерін қарау жөніндегі материалдарға қосып тіркеледі.

19. Ұйымның мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуге жауапты аттестатталған басшысы атқарып келген қызметінен босатылған ретте, жаңадан тағайындалған басшы ол қызметке тағайындалғаннан кейін бір айлық мерзімнен кешікпей аттестаттаудан өтуі тиіс.

### **4. Жауаптылық**

20. Осы Ереженің атқарылуын бұзғаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өтініш беруші ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес жауапты болады.

21. Ұйымдарға арнайы сараптаманы және олардың басшыларын аттестаттауды жүзеге асырушы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК